

Келісілді  
Директордың тәрбие ісі  
жөнінде орынбасары  
Г.Б.Оналбаева  
  
05 2025 ж.



## «Пікір сайыс жоспары»

Дебат жетекшісі: Бектурсинова Аида және Мырзахметова Махаббат

Астана 2025 жыл

**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы ШЖҚ МҚҚ**  
**Жазғы лагерь**

**Түсінік хат**

Жазғы лагерь «Рух Дебат» клубының 5-9-сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама 18 сағатқа жоспарланған. «Шешендік өнер (дебат)» - білім беру бағдарламасы, білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы оқу курсы. Оқушылар мен ұстаздарды да пікірсайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікірсайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама-карсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жактау және даттау топтарының кейстері. Осылың нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (сынып оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жінішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікірталас, талқылау, дискусия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараган және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір сайыстъратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікірсайыс барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әртүрлі болуы занды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендірге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Бағдарлама әдебиет, тарих пәндеріндегі заман өзгерісінің өзіндік жаңаша көзқарасын сұрап тұратын тақырыптар көптің қасы. Пікірсайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспекттерді қамтиды. Үлкен додалар еткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізгер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сынни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын еткізуғе сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршенділігі, пайдасы мен зиянын да таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, терендегілген жайын ашады.. Пікірсайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен еткізілетін әртүрлі деңгейдегі пікірсайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікірсайыстарда олар жан-жақты, әртүрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады.

Пікірсайыстардың әдегтегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Курс окушының тұлға, азamat ретінде жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікірсайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің иядеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

**Курстың мақсаты:** заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзben қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын оқу курсына тарту. Мектепішіліс пікірсайыс турнирлерін үйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нағижендерге қол жеткізу.

**Дамытуышылық:** Шығармашылық жұмыстар орындауда арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту, жоспар құру, тезис жазу.

### **Курстың міндеттері:**

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікірсайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету;
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриоттылыққа баулу;
- Білікті, оқу – тәрбие беру;
- Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

**Негізгі әдістер мен тәсілдер.** Сабактарды өткізу әдістері: әңгіме, форматтар бойынша ойын раундтары, тәжірибелік жұмыс, эксперимент, тест, бақылау,

жеке және ұжымдық талқылау-талдаулар, өзіндік жұмыстар, тезистерге сын көзімен қарау, жеке монолог түрінде баяндама жасау, консультациялар.

**Бақылау әдістері:** консультация, кейс жұмысын қорғау, баяндама жасау, мектепшілік, аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық турнирлерге қатысу.

### **Күтілетін нәтиже:**

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жаңтарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағыландырады;
- Жаңтардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді.
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең менгереді.
- БАҚ құралдарынан, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады.
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады.
- Заман талабына сай туындаған жаңтардың өзекті мәселерін талқыладап, оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

### **Бағдарлама мазмұны**

**1-тақырып.** Пікірсайыс (дебат) туралы түсінік

**2-тақырып.** Карл Поппер форматы

**3-тақырып.** Американдық парламенттік формат

**6-тақырып.** Қорытынды

## **Жазғы лагерь бойынша негізгі ұғымдар**

**Спикер** – пікірсайыс ойыншысы.

**Фракция** – команда, топ.

**Қарар, резолюция** – ойын тақырыбы.

**Жақтау, үкімет** – берілген қарапарды жақтап ойнаушы тарап.

**Даттау, оппозиция** – берілген қарапарды даттап ойнаушы, қарсылық келтіруші тарап.

**Тайм кипер** – уақыт сарапшысы.

**Төреші** – ойынға төрелік ететін, бейтарап тұлға.

**Парламентарий** – ойын көрермендері.

**Рум** – ойын өтетін бөлме.

**Позиция** – үкімет немесе оппозиция болуына қарай ұстанатын тарап.

**Дефиниция** – ойында қолданылатын кілт сөздер.

**Статус КВО, қалыптасқан жағдай** – статистикалық, сандық, цифрлық, пайыздық, хронологиялық әртүрлі фактілер, деректер, оқиғалар.

**Құндылық, философия** – БПФ-тан басқа форматта маңызды кейс құрылымы, көбіне ол мақал-мәтелдер, маңызды ұғымдар, көркем ойлар алынады.

**Аргументтер** – ойында кейс құрылымының маңызды бөлшегі, дәлелдеулер.

**Кейс** – ойында құрылатын алан, үкімет құрастыратын мәселелер, деректер жиынтығы.

**Премьер-министр** – жақтау, үкімет фракциясының бірінші спикері.

**Оппозиция лидері** – даттау, оппозиция фракциясының бірінші спикері.

**Сарапшы** – фракцияның сараптама жасаушы спикері, кей форматта ол үшінші спикері.

**Лиота** – бірденені шектен тыс кішірейту. Мысалы: Мұны бір секундта жасауға болады.

**Гипербола** – сызып айту. Мысалы: Мен өзімді ең бақытты адам деп сезіндім.

**Эпитет** – бейнелік анықтауыш, сөйлемнің затқа қарым-қатынасты білдіреді.

**Риторикалық сұрақ** – бұл тікелей жауаптты қажет етпейтін сұрақ.

**Метаномия** – сөз немесе сөз тіркесі, белгілі бір заттың атын өзгертіп алмастыру.

**Ирония** – айтылған сөздің кері ретінде ойлап білдіру.

**Градация** – сөздердің тізбегі, олар ойдың бір қалыпта күштейтеді.

**Тавталогия** – бір оймен екі идеяға бару немесе керісінше. Оған кейде қайталауды жатқызады.

**Арнайы білім** – ғылыми тілде айтылған, тек маманға тән ой айтуға болмайды.

**Труизм** – жоққа шығарылмайтын аксиома, ой, идея.

### «Рух Дебат» клубының жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жетекшісі
1	"Дебат әлеміне қош келдің!" – Дебат деген не?	03.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
2	Пікірсайыстағы басты қагидалар	04.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
3	"Уақыт шенберіндегі пікірсайыс"	05.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
4	БПФ форматындағы аргументация үғымы	06.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
5	Қарсылық түрлері, сұрақ-жауп бойынша нұсқаулықтар, әлемдік стандарттағы жалпы ережелер	10.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
6	"Карл Поппер vs Реал өмір" – Форматты зерттейміз	11.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
7	"Уақыт – жауың емес, досың!" – Аргумент пен регламент	12.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
8	КП кейс түрлері. Құндылық кейс	13.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М..
9	КП саяси кейс	16.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
10	Американдық парламенттік форматына кіріспе	17.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.

11	АПФ уақыт регламенті, аргумент кұрылымы	18.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
12	АПФ кейс түрлері. Құндылық кейс	19.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
13	АПФ саяси кейс	20.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.=
14	Сараптама, оның түрлері	23.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
15	Пікірсайыстағы негізгі және қосымша ережелер	24.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
16	Спикерлік міндетті атқару жөніндегі кеңестер	25.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
17	Қалалық пікірсайыс турнирін ұйымдастыру	26.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.
18	Мектепішлік пікірсайыс турнири	27.06.2025	Бектурсинова А.З. Мырзахметова М.